

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Біліктілік арттыру институты"  
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыз N 1278 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Біліктілік арттыру институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Судьялар мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік комитеті мен Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғылық капиталына қайта ұйымдастырылатын "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Біліктілік арттыру институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгеріміндегі мүлікті берсін;

2) жарғыны бекіту кезінде Қоғамның негізгі міндеті судьялар мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін көтеру деп белгілесін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін, қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 18 тамыздағы N 1278

қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір  
шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының

ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген, Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-3-жолмен толықтырылсын:

"21-3 "Судьялар мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" ААҚ"

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 218-1-жолмен толықтырылсын:

"218-1 "Судьялар мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" ААҚ".